



Әдістемелік кеңес отырысы Ережесі

1. Әдістемелік кеңес мектеп әкімшілігінің шешімімен құрылады және мектеп бұйрығымен бекітіледі.
2. Әдістемелік кеңес құрамына дәрежесі мен біліміне қарамастан ғылыми ізденіс жұмыстарын серік еткен ақылды, шыдамды мұғалімдер, ғалымдар әкімшілік өкілдері аудандық әдістемелік кабинеттің мамандары тартылады.
3. Әдістемелік кеңес мектептегі барлық қоғамдық –педагогикалық және ғылыми ізденуші құрылымдардың жұмысын реттейді және үйлестіреді.
4. Әдістемелік кеңестің жұмыс жоспары әдістеме бірлестіктері лабораториялар, секциялардың жоспарларын есепке ала жасалынады.
5. Әдістемелік кеңестің жұмыс жоспарының жобасы педагогикалық кеңесте каралады және мектеп директорының бұйрығымен бекітіледі.
6. Әдістемелік кеңестің жұмыс жоспары даму бағдарламасына және мектептің жылдық жоспарына сай анықталады және оның құрамас бөлігі болып саналады.
8. Әдістемелік кеңес мектеп әкімшілігімен бірлесе отырып оқу-тәрбие процесінің жайы, әдістемелік және ғылыми –ізденіс жұмыстарының ұйымдастырылу жай-күйі, оқушылардың оқу әрекетінің нәтижесіне жасалынған мониторингі терең талдау негізінде қысқа және орта перспективаға арналған. Іс-әрекеттің мақсаты мен міндеттерін және бағытын айқындайды.
9. Әдістемелік кеңес өзі болмаса өзі құрған комиссия арқылы эксперттік кеңес сапасында көріне алады.
10. Әдістемелік кеңес өзінің ағымдағы қызметі жөнінде мектеп әкімшілігі алдында есеп беріп тұрады.
11. Әдістемелік кеңес мектеп әкімшілігі мен бірлесе отырып мектепте ғылыми-әдістемелік кабинет жабдықтауға бастамашыл болады. Гимназия әдіскері қызметінің ендірілуіне күш салады.
12. Әдістемелік кеңестің қызмет мазмұны
 - .Әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру арқылы концепциядағы білімдік бағдарламалардың жүзеге асуын қамтамасыз етеді.
 - Білім беру мазмұнын жетілдіру, оқытудың жаңа технологияларын оқу процесіне ендіру және оларды қолдану тиімділігіне талдау жасау мәселелерімен шұғылданады.

- Гимназияда шығарылатын оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді, құралдарды және басқа да материалдарды басып шығаруға жоспарлауды, сараптаманы және ұсынымды ұйымдастыру;
- Гимназиядағы оқу үдерісін әдістемелік қамтамасыз ету және жетілдіру;
- Оқу-әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру және жетілдіру жөніндегі озық тәжірибелерді қорыту және тарату;
- біліктілікті арттыру, педагогикалық және ғылыми кадрларды қайта даярлау және аттестаттау жүйесін жетілдіру, оқу үдерісінің мазмұнын талдау;
- Білім беру үдерісінің жаңа және қолданыстағы технологиялар, әдістер, құралдар нысандарын енгізу және жетілдіру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;
- Білім беру саласындағы қызметкерлерді аттестаттауға қатысу.

3. Кеңес қызметінің негізгі бағыттары

- 1) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары талаптарын ескере отырып жұмыс оқу жоспарлары мен жұмыс оқу бағдарламаларын сараптауын ұйымдастыру;
- 2) жеке пәндер бойынша жұмыс оқу бағдарламаларын талқылау және қолдау;
- 3) Гимназиядағы оқу үдерісін қамтамасыз ету үшін әдістемелік қамтамасыз ету мәселелерін қарау;
- 4) Гимназиядағы әдістемелік қамтамасыз етуге байланысты нормативтік-құқықтық актілерді жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу;
- 5) оқулықтарды, оқу-әдістемелік құралдарды, оның ішінде электрондық түрде және дидактикалық материалдар ұйымдастыру;
- 6) оқу-тәрбие үдерісін жетілдіруге және педагог қызметкерлеріне, білім беру ұйымдарына практикалық көмек көрсетуге бағытталған әдістемелік жұмыстардың әртүрлі нысандарын енгізу мәселелерін қарау; жекелеген пәндер бойынша оқу жұмыс бағдарламаларын талқылау және бекіту;
- 7) элективті пәндер каталогын қарау және бекіту
- 8) оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмыстарды жетілдіру бойынша семинарлар, конференциялар, кеңестер ұйымдастыру және өткізу.

4. Кеңестің сайлау және жұмыс тәртібі

1. Кеңестің құрамына әдістемелік бірлестік жетекшілері, оқытушылар, оқу-әдістемелік ұйымдардың басшылары, педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру, қайта даярлау және аттестаттау, білім беруді ақпараттандыру жөніндегі құрылымдық бөлімшелер басшылары кіреді. Кеңестің құрамы білім беру ұйымның басшысының бұйрығымен бекітіледі.
2. Кеңесті оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі басшының орынбасары - Төраға басқарады.
3. Кеңес мүшелерінен ашық дауысы арқылы хатшы сайланады.
 . Кеңестің жұмысы әдістемелік кеңестің отырысында қабылданған және білім беру ұйымның бекіткен жылдық жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

10. Кеңестің отырысы екі айда бір рет өткізіледі.

11. Әдістемелік кеңестің отырысында қаралған мәселенің нәтижесі бойынша қатысып отырған мүшелерінің басым көпшілік дауысымен әдістемелік кеңестің ұсынысы қабылданады және хаттамамен рәсімделеді. Отырыстың хаттамалары мен әдістемелік кеңестің шешімдеріне кеңестің төрағасы мен хатшысы қол қояды.

12. Егер әдістемелік кеңестің отырысында оның мүшелерінің үштен екі бөлігі қатысып отырса, онда әдістемелік кеңес құқықты өкілетті деп табылады.

13. Кеңестің төрағасы жылына бір рет Кеңес қызметінің нәтижелері туралы білім беру ұйымдарының педагогикалық, ғылыми кеңесінің алдында есеп береді.

14. Әдістемелік кеңестің әрбір мүшесі кеңестің барлық отырысына қатысуға, оның жұмысына белсенді араласуға, жүктелген тапсырмаларды уақытылы және нақты орындауға тиісті.